

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Тақырыбы: Арнайы мектептердегі сауат ашуға үйрету әдістемесі. Сауат ашудың әліппеге дейінгі кезеңі

Орындаған: Борашев А. С

Тексерген: Кенжебаева Т. Б

Сауат ашу – аса күрделі де жауапты міндет. Оны ойдағыдай жүзеге асыруда атқарылатын жұмыстар сан алуан. Олардың негізгілері мыналар:

1. Балаларды мектепке сауат ашуға даярлау;
2. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін меңгерту арқылы сөздердегі дыбыстарды айқын естіп, анық айтуға үйрету;
3. Оқушылардың жалпы ой-өрісін дамытып, ойлауға, байқағыштыққа тәрбиелеу;
4. Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, сөздік қорын байыту, сөйлемдерді дұрыс, дәл жеткізе білуге үйрету;
5. Сөзді жеке дыбыстардан құрап, дұрыс буындап түсініп, оқуға, одан әрі сөзді тұтас оқуға дағдыландыру;
6. Дыбыстарды әріппен дұрыс таңбалауды жете меңгерту әріптерді үзбей және сөз ішіндегі байланысу тәсілдері бойынша, сөзді тұтастыра жазуға үйрету; жеке сөздерді, сөйлемдерді ккшіріп және естігенін жаза білуді жетілдіру;

Сауат ашудың негізгі мақсаты – оқу дағдыларының негізін қалау, тыңдауға, айтуға, жазуға үйрету, балалардың сөздің дыбыстық құрылысы туралы түсінігін қалыптастыру, әріп таныту, әуелі буындап, содан соң тұтас сөзді, сөйлемді, мәтінді оқуға үйрету, сауатты жазудың негізін қалыптастыру, өз бетінше оқуға, кітапқа қызығушылығын ояту, ауыз екі тілін дамыту

Жалпы білім беретін мектептегі дайындық кезеңі 2 аптаға жоспарланса, көмекші мектептерде 2 ай (1 тоқсан) беріледі. Мұндағы мақсат, мүмкіндігі шектеулі балалардың мектепке деген функционалдық және психологиялық деңгейін көтеріп, қалыптастыру болып саналады.

“Әліппеге” дейінгі кезеңде, негізінен, оқушылардың бұрыннан қалыптасқан сөйлеу дағдыларына сүйеніп, оларға мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден дыбысты бөлгізу жұмыстары жүргізіледі. Бұл кезеңде балалардың тілін дамыту сөздерді байланыстырып сөйлету арқылы іске асырылып, оларға сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы түсінік беріледі

Әліппеге дейінгі кезеңдегі басты мақсаттарды жүзеге асыру үшін әртүрлі жұмыстар жүргізіледі.

1. Мектептің, сыныптың, күн тәртібімен таныстыру. Сынып ішіндегі заттар. «Мұғалім мен оқушылар», «Оқушылар аттары, фамилиясы», «Мұғалімнің аты-жөні», «Ата-анасының аты-жөні» т.б.

2. Оқушылардың сыныптағы тәртібі, талаптары, партада дұрыс отыру, бірдеңе айтқысы келгенде қол көтеру, мұғалімнің сөзін тыңдап түсіну тәрізді оқудағы дағдыларына баулу.

3. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту; мұғалімнің нұсқауы бойынша қарапайым тапсырмаларды орындау, әңгіме, ертегі, тақпақтарды мұқият тыңдап түсінуге, мұғалімнің көмегімен суретке сүйене отырып қысқы әңгіме, ертегілерді айтуға дағдыландыру, қимыл әрекеттер, сурет, сұрақ бойынша жай сөйлем құрастыруға үйрету. Дыбыстарды дұрыс айта алмайтын және қол қозғалысында ақауы бар балалармен арнайы жұмыс жүргізу.

4. Оқушылардың естіп қабылдау қабілеті дамыту. Сөзді есту (ұғу), фонематиканың қабылдау қабілетін дамыту. Айналадағы қоршаған ортадан естілетін әртүрлі дыбыстарды ажырата білу (тарсыл, сыңғыр, ызыңдау гуілдеу т. б.). Оқушыларда мұғалім айтқан сөздермен сөйлемдерді анық қатесіз қайталауға дағдыландыру және дыбыстық құрамы жағынан ұқсас сөздерді (тас-қас, қара-қала, мал-жай т.б.) айыра білуге төселдіру. Үш төрт сөзден тұратынын аңғарту; сөздерді буынға бөлуге жаттықтыру, буын ретін, санын анықтау, буындағы дауысты дыбыстарға көңіл бөлу, сөздегі буынды жолақшалармен немесе сызықшалармен белгілеу.

Әліппеге дейінгі кезеңнің басты мақсаттары:

- оқушылардың жеке медициналық құжаттарымен, отбасы жағдайымен, баланың өзіндік ерекшеліктерімен мұқият танысу;
- білім алуға деген ынтасын ояту және қалыптастыру;
- фонематикалық есту қабілеттерін жетілдіру;
- қолдың бұлшық еттерін жазуға дайындау;
- бала мен ата-аналардың мектепке деген дұрыс көзқарастарын қалыптастыру, сыныпта жағымды аура туғызу;
- оқушыларды оқу мен жазудың алғашқы, қарапайым дағдыларын игеруге дайындау;
- баланың жалпы және сөйлеу тілі дамуындағы ерекшеліктерін анықтау, есту және көру дағдыларын дамыту;
- дыбыстарды дұрыс айтуға және ажырата білуге үйрету;
- кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйрету;
- ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру және баланың сөйлеуіне жағдай туғызу

**Дайындық кезеңіндегі оқушылардың білім-
дағдыларына қойылатын негізгі талаптар:**

Мүмкіндік деңгейлері:

- таныс заттарды атау;
- негізгі түстерді, формаларды, көлемдерді ажырату;
- апта күндерін ажырату (кеше, бүгін, ертең);
- тәулік мөлшерін білу (таңертең, түс, кеш, түн),
- өзінің құжаттық мәліметтерін білу (аты-жөні, мекен-жайы т.б.);
- 2-3 шағын тақпақты жатқа айту;

Міндетті деңгейі:

- сұраққа жауап қайтару;
- мазмұны жеңіл сурет бойынша сөйлем құру;
- сюжетті сурет бойынша әңгімелеу;
- тіл дыбыстарын дұрыс айту;
- сөз басндағы дыбысты дұрыс естіп, ажырата білу;
- дәптерді пайдалана білу, қаламды дұрыс ұстау;
- дәптерге ою-өрнектер сызу, жолды дұрыс сақтай отырып, әріп элементтерін жазу;

Сөйлеу мәдениеті:

-сөздерді дұрыс айту;

-ойын толық жеткізу;

-үлкендермен сәлемдесу және қоштасу;